

Р.К. Койлыбаева*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**Алматы, Қазақстан*<https://orcid.org/0000-0001-6261-3441>*email: 007_raushan@mail.ru***И.Б. Байсыдық***Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**Алматы, Қазақстан*<https://orcid.org/0000-0001-5013-4398>*email: i.baissydyk@gmail.com*

ОТБАСЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада паремиология ұғымына анықтама беріліп, мақал-мәтелдер арқылы ұрпаққа беріліп жүрген ұлттық танымда қалыптасқан ұғымдардың мазмұны анықталды. Отбасының маңыздылығын көрсететін мақал-мәтелдерге семантикалық талдау жасалынды. Қазақ тіліндегі отбасы туралы мақал-мәтелдердің негізгі контексті: ата-ананың орны, ата-анамен балалардың қатынасы, отбасындағы тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, туыстардың арақатынасы, ағайындардың өзара қарым-қатынасынан тұратыны анықталды. Отбасылық коммуникация барысында қолданылатын мақал-мәтелдердің коммуниканттарға жағымды және жағымсыз әсері сипатталды. Отбасы құндылығын сипаттайтын мақал-мәтелдерге талдау жүргізілді. Құндылық ұғымына анықтама беріліп, ата-ананың орны, балалы болу, бауырлардың жақсы қарым-қатынасы, ағайынмен тату болу сияқты отбасының басты құндылықтарына талдау жасалынды. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді контекстік тұрғыдан талдау арқылы отбасы тақырыбындағы мақал-мәтелдердің аксиологиялық мағынасы ашылды. Мақалада отбасындағы рухани құндылықтарды сипаттайтын мақал-мәтелдер таңдалып алынды. Алынған мақал-мәтелдерді күнделікті коммуникация барысында қолдану отбасының құнды екенін жеткізіп қана қоймай, сондай-ақ, ұрпақ санасында отбасының маңыздылығын қалыптастырумен маңызды екені сипатталды. Қорытындыда отбасылық коммуникация кезінде балаға жақсы мен жаманды ажыратып, өзіндік пікірін қалыптастыруда, өнегеге толы мақал-мәтелдерді айтып отырудың маңыздылығы көрсетілген. Құндылыққа толы қарым-қатынас орнату арқылы отбасын аксиосфераға айналдыруға болатыны ғылыми пайымдаулармен негізделді.

Түйінді сөздер: паремиология, отбасы, аксиология, отбасы құндылығы, қазақ мақал-мәтелдер.

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 12.02.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 14.04.2025

Кіріспе

Қазіргі таңда антропоэзектік бағыт аясында тілді зерттеу – әлі де маңыздылығын жоймаған өзекті мәселенің бірі. Тіл арқылы адамның когнитивтік санасын тануға, яғни белгілі бір халыққа тән өзіндік қалыптасқан пайымдаулары мен ұлтқа тән дара құндылықтарын анықтауға болады. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымызға тән паремиологиялық қор арқылы, ұлттық танымда қалыптасқан түсініктердің мазмұнын, қолданыс аясын анықтауға болады.

Паремиология – белгілі бір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесіне негізделіп, жақсы мен жаманды саралаудың нәтижесінде қалыптасатын, өнегеге толы түйін сөз. Паремиологиялық қорға ұлттың өзіндік менталитетін, стереотиптерін және мәдени ерекшеліктерін көрсететін мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін жатқыза аламыз. Ата-бабамыздың кезінен келе жатқан рухани құнды ойлар түрлі аңыздар, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Ұрпақ сабақтастығы да осылайша түбірін жоймай жалғасын тауып отырады.

Отбасы адам өміріндегі басты құндылық болып табылады. Отбасының адам өміріндегі орны, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, отбасындағы үйлесімділік қоғамдағы маңызды мәселе екені анық. Адам жеке бір отбасында тәрбиеленеді, дегенмен де сол отбасынан алынған тәрбие, адамгершілік айналасындағы адамдарға, яғни қоғамға әсерін тигізбей қоймайды. Сондықтан да отбасылық тәрбие, отбасылық құндылық мәселелері жеке бір адамға ғана қатысты емес, сондай-ақ, мемлекеттің де басты мүддесіне айналып отыр.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуімізде тілдік материалдар ретінде «Қазақтың мақал-мәтелдері» – деп аталатын А.Т. Смаилованың жинақтаған мақал-мәтелдер жинағы және «Бабалар сөзі» сериясының 65-томына кіретін мақал-мәтелдер алынды. Алынған жинақтарда отбасы тақырыбына қатысты мақалдар: жанұя, туыс, жекжат, ата-ана, бала – ұрпақ, ағайын-туыс, әйел-еркек деген тараушалармен берілген (Смайлова, 2006, б. 4–85; Бабалар сөзі, 2010, б. 68–76).

Аталмыш жинақтардан ата-ананың орнын сипаттайтын: 13 мақал-мәтел, ата-анамен балалардың қарым-қатынасын көрсететін: 5 мақал-мәтел, балалы болудың маңыздылығын сипаттайтын: 6 мақал-мәтел, баланың жақсы-жаман қасиетіне байланысты: 7 мақал-мәтел, ұл бала мен қыз баланың орны туралы: 3 мақал-мәтел, бауыр туралы: 5 мақал-мәтел, туысқандық қатынастарды сипаттайтын: 12 мақал-мәтел алынып, контекстік талдау жүргізілді.

Мақала жазу барысында кешенді зерттеу әдісі пайдаланылды. Аксиология ұғымын зерттеген ғалымдардың еңбектерін жинақтау, сұрыптау, талдау әдістерін қолдану арқылы берілген теориялық пайымдар ғылыми тұрғыда сараланып, тақырыптың толыққанды ашылуына көмектесті. Қазақ тіліндегі отбасы тақырыбындағы мақал-мәтелдер контекстік тұрғыдан талданды және зерттеудің барлық деңгейінде сипаттамалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Мақал-мәтелдер – белгілі бір мәдениет өкілінің ауызекі тілінде қолданыс табатын көп функционалды құрал. Яғни, адам өз ойының астарын жеткізу барысында да мақал қолдану арқылы, айтайын деп тұрған ойының тобықтай түйінін жеткізуі мүмкін. Сөз барысында мақалдатып сөйлеу арқылы сөйлеуші сөздерінің астарын жеткізіп қана қоймай, өзінің жасырын ниеті мен сезімін де білдіре алады.

Қазақ халқының мақал-мәтелдері басқа ұлттардың мақалдары сияқты ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың ұжымдық ақыл-ойының нәтижесінің дамығанын айтады (Оразаева, 2012, б. 192). Ф. Оразақынқызының зерттеуінде мақал-мәтелдер – халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл-өнегесі, даналығы мол көрініс тапқан, ой дәлдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленетін тілдік бірліктер болып табылатынын жеткізеді (Оразақынқызы, Герай, Анипина, 2019). Отбасы – адам үшін жан тыныштығы орнайтын, бақыт мекені. Отбасы көзқарасы, арман-мақсаты, екі адамның некелесуі нәтижесінде қалыптасады. Отбасы болу некелесуден ғана тұрмайды. Ол сондай-ақ некенің берік болуы мақсатында орнауы тиіс, отбасындағы ауызбіршілік, сыйластық, төзімділік, адалдық, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген ыстық ықыласы сияқты басты құнды көрсеткіштерден тұрады.

Құндылық дегеніміз – жақсы мен жаманды саралау нәтижесінде қалыптасатын, қоғамда қалыптасқан ой. Адамзат тәжірибесінде қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарға, мәдени көрсеткіштерге, адамдардың ойын білдіруі арқылы, яғни бағалау арқылы құнды немесе құнды емес деген пікір қалыптасады. Құндылық ұғымы тіл білімінде лингвоаксиология пәнінің шеңберінде зерттелінеді. Құнсыз дүниелер көбейіп кеткен заманымызда құндылықты және құнсыздықты ажырату өзектілігі жоғары тақырыпта берілген. Адам өмірінде жақсылық пен жамандық қатар жүретіні секілді, лингвоаксиологияда құндылық және құнсыздық ұғымын қатар алып қарастыру қалыптасады.

Аксиология – игілікті немесе құндылықты философиялық тұрғыдан зерттеу (Britannica, 2015). Аксиология адам мен қоғам үшін жақсы немесе таңдаулы деп танылған құндылықтарды қарастырады (Biedenbach, Jacobsson, Mattias, 2016, б. 139–155). Н. Каллос пен О. Траснидің зерттеуінде аксиологиялық көзқарас әлеуметтік топтың, жеке қауымдастықтың немесе қоғамның құнды немесе антиқұнды мәндерді анықтайтын тарихи тәжірибесіне, әлеуметтік жағдайға, негізгі мүдделер мен идеологияға негізделетіні айтылады (Kallos, Trasnea, 2019). Н.И. Лапиннің пікірінше құндылықтар қоғамды біріктіруге және әлеуметтік мақұлданған таңдаулар мен өмірлік маңызды жағдайларда тұлғаның мінез-құлқын жүзеге асыруға ықпал ететін жалпыланған мақсаттар мен оларға жетудің құралдары, іргелі нормалар рөлін атқарады (Лапин, 1996, б. 3–23). С. Хоббстың еңбегінде отбасы құндылықтары, отбасын құруға ұмтылатын тұлғалар және отбасылық құқықтық жүйенің өзара әрекеттестігі екені айтылады. Отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас пен отбасы құқығының маңыздылығы болып табылады. Отбасы туралы заң отбасын құрайды, моральдық құндылықтар арқылы отбасы заңы пайда болып, отбасылық құндылықтар қалыптасады (Hobbs, 1992).

Жалпы моральдық құндылықтардан туындайтын отбасылық құндылықтар отбасында баланың дүниеге келуімен, отбасы мүшелерінің өзара сыйластығымен, бір-біріне деген қамқорлығымен, отбасы мүшелерінің бірге уақыт өткізуімен, дәстүрімізге сай түрлі шараларды өткізуімен әр отбасында өзінше құнды немесе аса құнды емес деп танылуы мүмкін.

Қазақ тілінде отбасының маңыздылығын көрсететін мақал-мәтелдер өте көп. Тілімізде кездесетін отбасы туралы мақал-мәтелдердің негізгі контекстінде: ата-ананың орны, ата-анамен балалардың қатынасы, отбасындағы бал тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұл бала тәрбиесі, бауырлардың арақатынасы, ағайындардың өзара қарым-қатынасы туралы айтылады. Сондай-ақ, мақалдар ақпарат беріп қою ғана үшін емес, тәрбиелік мәнде өзара қатынас барысында қолданылып жатады.

«Отанды сүй – от басынан басталады» – деген мақалдың өзі бір-ақ жолдан тұрғанымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін беріп тұр (Смайлова, 2006, б. 4). Бала дүниеге келгенде бірден қоғаммен араласпайды, отбасында өсіп, тәрбие көріп, құнды қасиеттерді бойына сіңіреді. Содан кейін ғана, қоғаммен араласып отбасынан алған тәрбиесін, ата-анадан көрген үлгісін айналасына көрсете бастайды. Отбасында тек жағымды қасиеттер қалыптастырып, құнды әңгімелерді естіп өссе, қоғамға да, ең бастысы отанына да зияны тимесі анық.

Отбасы өзара қарым-қатынас кезіндегі құндылықтардың негізінде отбасы мүшелері үшін аксиосфераға, яғни құндылыққа толы ортаға айналады. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық әңгімелер, жоғары құнды пікірлер, отбасы үшін маңызды ақпарат, адам санасындағы (идеялар, бағалаулар, талғамдар, нормалар мен әдеттер) сияқты құндылықтар мен құндылықтар әлемін қалыптастыратын аксиосфераны құрайды (Koilybayeva, Zhunis, Kusmanova, т.б., 2023, б. 76–90).

Жалпы отбасы тақырыбына қатысты қандай тілдік материалды алсақ та, береке және сүйіспеншіліктің маңызды екені айтылып, отбасындағы басты құндылықтар көрсеткіштері ретінде танылады. Қазақ тілінде отбасы тақырыбына қатысты мақал-мәтелдерден халықтың құндылықты пікірлері шыққанын көруге болады.

Отбасындағы басты құндылық ата-ананың рөлі, бала өміріндегі маңыздылығымен бағаланып жатады. Мұны біз «Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» сияқты мақалдан байқай аламыз (Смайлова, 2006, б. 74). Бұл мақалда, отбасындағы әр адамның өзіндік рөлін көрсетіп қана қоймай, әке мен ананың қаншалықты құрметке лайық екенін жеткізіп тұрғаны анық. Ата-ана – баланы дүниеге әкеліп қана қоймай, сол баланың бойында адами қасиеттерді қалыптастырып, дұрыс тәрбие беріп, еңбекке баулитын басты адамдар. Осы тұста қазақ мақалдарында ұл бала тәрбиесіндегі әкенің рөлін айқындайтын және қыз бала тәрбиесінде ананың рөлін айқындайтын құндылыққа толы мақалдар көптеп кездеседі. «Адам еткен әкеңнің атын ақтап жүргейсің», «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын құса игі еді», «Атадан бала туар, атасының жолын қуар», «Атадан жақсы ұл туса елінің қамын жейді, атадан жаман ұл туса елінің малын жейді», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге», «Аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» (Смайлова, 2006, б. 74–75; Бабалар сөзі, 2010, б. 68) сияқты мақалдардан ата-ана баланың тұлға болып қалыптасуындағы басты адамдар екенін және баланың жақсы қасиеті мен қабілетінің болу немесе болмауы ата мен анадан берілетінін көрсетеді. Бала ата-анасының бойындағы жақсыны да, жаманды да алып, көрген тәлім-тәрбиесін қайталайтыны анық. Келтірілген мақалдардың құндылықты сипаты басым болып, бала тәрбиесінде қолданылып, балаға өзінше бір тұжырым жасауға көмектесіп жатса, ал «Әй, дер әже жоқ, қой, дер қожжа жоқ», «Атасы бұлан атпағанның, баласы құлан атпайды» – сынды мақалдардың антиқұнды сипаты басымырақ

деуге болады (Смайлова, 2006, б. 74). Бірінші мақалда баланың тәрбиесіздігі, яғни отбасында дұрыс тәрбие көрмеген деген сипатта қолданылса, екінші мақалда баланың ата-анасына ұқсап туатыны бейнеленеді. Яғни, әкесі еңбекқор баланың да, еңбекқор болып өсетіні, әкесі жалқау баланың, жалқау болары сипатталған.

Бала үшін ата-ананың орнын ешкімнің баса алмайтыны да келесідей мақалдарда көрініс табады. *«Ана жақсылығын ауырсаң білерсің», «Ата-анаң бар болсын, бала кезде жар болсын»*. Қазақ тіліндегі мақалдардан баланың әкесіне қарағанда анасына жақын болатыны айтылады. Ананың балаға деген мейірімі көбірек сипатталады. Мысалы: *«Ананың алақаны балаға айдынды қоныс», «Мейірімділікті анадан үйрен, әдептілікті данадан үйрен»* (Смайлова, 2006, б. 75). Осы мақалдардан ананың балаға деген ыстық ықыласы ерекше екендігі айтылады. Ана мейірімін әлемде ешқандай жылулықпен алмастыра алмайтынымыз мақалдарда әдемі көрініс тапқан.

Отбасында баланың ата-анасына жасаған жақсылығы, яғни кішкентай кезінен өсіріп жетілдіргені үшін білдіретін алғысы, ата-анаға деген қарым-қатынасы, мейірімі сөзі ықшам болғанымен, мағынасы терең мақалдар арқылы балаға түсінікті тілдерде жеткізіліп жатады. Балалар әдебиетінде тәрбиелік мәні зор мақалдар арнайы беріліп, жас оқырмандарға ой салады. Мәселен: *«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер», «Атасын құрметтеп тұрған баланың тілеген тілегі қабыл болады», «Әкесін сыйламағанды баласы сыйламайды», «Ата сыйласаң, алдыңа келер», «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без»* (Смайлова, 2006, б. 77; Бабалар сөзі, 2010, б. 69) мақалдарда өмірдің өзі алма-кезек екендігіне түйін жасалғаны мәлім. Мұндағы «ата» сөзі «әке» сөзін алмастырып тұр. Қазақ отбасындағы ең басты құндылық – дүниеге әкелген ата-ананы сыйлау, соларға құрмет көрсету. Өзінің әкесіне немесе анасына көрсетілген құрмет, болашақта балалары арқылы қайтатыны анық. Ата-ана баланың үлгі тұтар басты адамдары. Сондықтан да балаға ата-ананы қалай сыйлау керектігін айтудың керегі шамалы, тек сол сыйластықты ата-ана өз бойынан көрсету жеткілікті.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде *жақсы бала* және *жаман бала* деген ұғым бар. Түрлі аңыз-әңгімелерде, ертегілерде мақалдар арқылы балаларға ой салып, өздерінше бір қорытынды шығаруға ұмтылдырады. *«Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік», «Балаң жақсы болса, жердің үсті жақсы. Балаң жаман болса, жердің асты жақсы», «Атаның жаман ұлы малға ортақ, әзірейіл жанға ортақ»* (Смайлова, 2006, б. 79) – осы сынды мақалдар арқылы жақсы бала мен жаман бала қандай болатынын салыстыру беріледі. Ал бұл мақалдардың мағынасын түсінген әр бала жақсы болуға талпынады. Мақалдар арқылы әңгімелерде қорытынды ой беріледі. Әңгіменің мазмұнын түсінген балада жақсы бала болу мен жаман бала болу туралы өзіндік пікір қалыптасады.

Қазақ отбасының басты құндылығы – отбасында баланың болуы. Бала – ұрпақ, бала – байлық, бала – ата-ананың басты қазынасы. *«Аспанның сәні – ай, жұлдыз, үйдің сәні – ұл мен қыз», «Артында қызы қалғанның ісі қалғаны, ұлы қалғаны өзі қалғаны», «Бала – адамның бауыр еті», «Жаман да болса ұрпақ қалсын, өз орнында отың жансын», «Бесіксіз үйде береке жоқ», «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар»* – сияқты мақалдардан қазақ отбасындағы баланың орны ерекше екені көрініс табады (Смайлова, 2006, б. 79). Қазақ отбасындағы басты құндылық – ұрпақ жалғастығы, яғни балалы болу. Жоғарыдағы мақалдарда, бала – ата-ананың басты байлығы, үйдің берекесі екені айтылған. Балалы отбасының өмірге құлшынысы

да ерекше болады. Себебі, ата-ана өзінің көрмегенін, өзінің білмегенін баласына көрсетіп, баласына ұқтыруға тырысады. Баласын өзі жете алмаған жетістікке жетелейді. Ұрпағының білімді болуы, тәрбиелі болуы, жетістікке жетуі әр ата-ана үшін үлкен қуаныш, әрі мақтаныш.

Тіліміздегі мақалдарда ұл бала мен қыз баланың орны, отбасындағы бағалануы, ұлдың тәрбиесі анасына, қыздың тәрбиесі әкесіне байланысты болатыны айтылады. «*Бала – әкенің мұраты, қыз – әкенің жұраты*», «*Ер бала – ата-анаға таяу, қыз бала – үйге жаққан бояу*» (Смайлова, 2006, б. 81; Бабалар сөзі, 2010, б. 68) мақалдарда ұл баланың ұрпақ жалғасы екенін, ата-ананы бағатын қара шаңырақ иесі ретінде танылатыны байқалады. Сондай-ақ, «*Ер бала – он бесте отау иесі*» – деген мақалда ұл баланың жауапкершілігі жоғары екендігі, болашақ әке ретінде, шаңырақ иесі ретінде, ұл балаға жастайынан отбасында басты адам екенін айтып өсірудің маңыздылығы көрсетілген.

Мақал-мәтелдер сөйлеушіге терең ой салумен қатар, өзіндік пікірін де ықшамдап қорытындылауға көмектеседі. Тіліміздегі мақалдарда баланың қылығына, ақылдылығына, көркем мінезіне немесе керісінше қырсық мінезіне қарай алдағы өміріне болжам жасалынады. «*Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер*», «*Болар бала бесікте белгілі*», «*Би болатын бала ағайыншыл, бай болатын бала айырбасшыл*», «*Болатын бала он бесінде баспын дейді, болмайтын бала жиырма бесінде жаспын дейді*» (Смайлова, 2006, б. 86; Бабалар сөзі, 2010, б. 68). Келтірілген мақалдарда баланың ашықтығына, көпшілдігіне, пысықтығына қарап қандай болары болжанған. Бабаларымыз баланың туа біткен болмысына қарап-ақ қандай боларын тілге тиек етіп отырған.

Жалпы қазақ отбасында көп балалы болуды қолдайды. Жалғыз балалы болғаннан, баланың арқа сүйер бауырлары болғаны көп мақалдарда айтылады. «*Жалғыз баласы атқа шапса, анасы үйінде тақымын қысады*», «*Жалғыз ұлы бар кісінің шығар-шықпас жаны бар, екі ұлы бар кісінің өкпе, бауыр, жалы бар*» (Смайлова, 2006, б. 85) мақалдар – осыған дәлел. Жалғыз балалы ата-ананың уайымы да жоқ емес, себебі балам бірдеңеге ұшырап қалмасын деп шырылдайды.

Келесі бір мақалдарда бауырлы болудың маңыздылығы көрініс табады. Ағалы-інілі болу немесе апалы-сіңілілі болудан асқан бақыт жоқ, алайда бірге жүру мүмкін бола бермейді. Себебі қанша жерден бауыр болғанымен өмір бақи бірге тұру мүмкін емес, әр адамның үйлі болып, отбасын құруы маңызды. «*Бірге тұрмақ бар, бірге жүрмек жоқ. Бірге тұмақ болса да, бірге өлмек жоқ*», «*Інісі бардың тынысы бар, ағасы бардың жағасы бар*», «*Ағаның үйі – ақ жайлау*», «*Ағаны көріп іні өсер, апаны көріп сіңілі өсер*», «*Аға болсаң – ақыл айт, ақыл айтсаң – мақұл айт*» (Смайлова, 2006, б. 71). Бұл мақалдардан адам бауырынан ешқашан алыстамайтыны, алыста болса да, соның тілекшісі болатыны айтылады.

Отбасы мүшелерінің өзіндік рөлі, әркімнің өзінің орнына қарай қатынас жасауы ең маңызды құндылық деуге болады. Сондай-ақ, қазақ отбасының тек өзінің бірге туған бауырларымен, ата-анамен шектеліп қалмайтыны анық. Халқымыз – өте туысшыл халықтың бірі. Туысқандық қатынастар, ағайындардан қол үзбей араласу, сыйласу – ол да бір отбасындағы маңызды құндылық. Жалпы әулеттің татулығы, өзара араласуы, ертеңгі ұрпағының шыққан жерін біліп жүруіне де көмектеседі. Әулет – бір атадан тараған адамдар тобы және сол әулеттің ымырашыл болуы басты құндылық болып табылады. «*Жат туыс болмайды, туыс алыс болмайды*», «*Қадір білмес қарындастан, қаймана қазақ артық*», «*Жақыныңды жат етсең, жатқа*

күлкі боларсың», «Туысы бірдің – уысы бір», «Ағайын бірде араз, бірде тату», «Туғаныңмен сыйыспасаң, кең дүниеге сыймайсың», «Ағайын өкпеге қиса да, өлімге қимайды», «Алыста жүрсе кісінескен ағайын, жақында жүрсе тістескен ағайын», «Жақсы ағайын сыншыл, жаман ағайын күншіл», «Көсеу ұзын болса қол күймес, ағайының көп болса, адам тимес», «Бір қарын майды бір құмалақ шірітеді, ағайынның арасын бір жаман сөз ірітеді», «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» (Смайлова, 2006, б. 70; Бабалар сөзі, 2010, б. 76) келтірілген мақалдарда туыстар арасының жақын болуының маңыздылығы, ағайын болғаннан кейін түсініспеушіліктер болатыны, дегенмен де сондай келіспеушілікті болдырмау, ағайыны көптің қиындығы да тез шешілетіні сияқты мағынада қолданылады.

Отбасы адамдарға үміт сыйлайтын орта, адамның психикалық дамуының маңызды факторы болып табылады. Отбасылық татулық (гармония) діни ұғымды қалыптастыратын, балалар мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністік, ашықтық, жанашырлық және өзара сенімнен тұрады (Windarwati, Budiman, et al., 2020, б. 185–193). «Басқадан қорлық көрмеу үшін, өзді-өзің тату бол» – деген мақалдың мағынасына үңілетін болсақ, отбасындағы татулық ол отбасының өміршеңдігін арттырып қана қоймай, отбасының берекесінің де артуына көмектеседі. Отбасында жұбайлар арасындағы, ата-ана мен балалары арасындағы, бауырлары арасындағы, қала берді туыстар арасындағы татулықтың маңыздылығы жоғары. Тату-тәтті өмір сүріп жатқан отбасының ешқандай жағдай шырқын бұзуы мүмкін емес.

Қорытынды

Жұмысымызда отбасындағы негізгі құндылықтарды сипаттайтын мақалдарды қарастырдық. Келтірілген мақалдарды ауызекі тілде қолдану арқылы құнды дүниелерді, құнсыз дүниелермен салыстырып көрсету арқылы, яғни бағалау арқылы адамдардың ойына ой салып, болашағына дұрыс бағдар беруге болады. Мақал-мәтелдерде жалпыға ортақ ой, анықталған тұжырымдар беріледі. Мақал-мәтелдерді отбасылық коммуникация кезінде қолдану арқылы, балаға жақсы мен жаманды ажыратып, өзіндік пікірін қалыптастыруға болады. Бүгінгі күнде отбасылық әңгімелесу кезінде мақалдар мен мәтелдерді қолданып отыратын отбасылар саны азайғаны мәлім. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» – демекші, ата-әжесі бар үйде үлкен кісілер өмірден көрген-түйгендерін айтып, сөз арасында мақалдатып сөйлеп отырады. Ал осындай өнегелі сөзді естіп өскен ұрпақтың, сөздік қоры жоғары болып қана қоймай, өзінің ойын еркін жеткізіп және жақсы мен жаманды ажырата алатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 65: Қазақ мақал-мәтелдері. Астана: «Фолиант», 2010. 488 б.
- Лاپин Н.И. Модернизация базовых ценностей россиян // Социологические исследования. 1996. № 5. С. 3–23.
- Оразаева Ф.К. Әбубәкір Диваев – фольклорист. Алматы: Білім, 2012. 192 б.
- Оразакынкызы Ф., Герай, Ф., Анипина, А.К. Қытай және қазақ тілдеріндегі мақал-мәтелдердің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері // Хабаршы. Шығыстану сериясы. 2019. №1 (88).
- Смайлова А.Т. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: «Көшпенділер» баспасы, 2006. 296 б.

- Britannica. Editors of Encyclopaedia axiology. Encyclopedia Britannica. Retrieved 10 June 2024 from <https://www.britannica.com/topic/axiology>.
- Biedenbach, T. & Jacobsson, M. (2016). The Open Secret of Values: The Roles of Values and Axiology in Project Research. *Project Management Journal*, 47, 139–155. <http://doi.org/10.1177/875697281604700312>
- Hobbs, S.H. (1992). *In Search of Family Value: Constructing a Framework for Jurisprudential Discourse*. 75 Marq. L. Rev. 529. Retrieved 25 July 2024 from <http://scholarship.law.marquette.edu/mulr/vol75/iss3/3>
- Kallos, N. & Trasnea, O. (2019). Political Values: Their Status Function. *International Political Review*, 3(2). <http://doi.org/10.1177/019251218200300204>
- Koilybayeva, R., Zhunis, M., Kusmanova, K., Mirov, M., & Missyachenko, S. (2023). Patterns of Interaction in Family Discourse: A Resilience Theory Perspective. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(1), 76–90. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.1975742.2850>
- Windarwati, H. D., Budiman, A. A., Nova, R., Ati, N. A. L., & Kusumawati, M. W. (2020). The Relationship between Family Harmony with Stress, Anxiety, and Depression in Adolescents. *Journal Ners*, 15(2), 185–193. <http://dx.doi.org/10.20473/jn.v15i2.21495>

References

- Babalar sözi: Jüztomdyq. (2010). T. 65: Qazaq maqal-mätelderi [Kazakh proverbs]. Astana: “Foliant”. (in Kaz.).
- Biedenbach, T. & Jacobsson, M. (2016). The Open Secret of Values: The Roles of Values and Axiology in Project Research. *Project Management Journal*, 47, 139–155. <http://doi.org/10.1177/875697281604700312>
- Britannica (2015). Editors of Encyclopaedia axiology. Encyclopedia Britannica. Retrieved 10 June 2024 from <https://www.britannica.com/topic/axiology>
- Hobbs, S. H. (1992). *In Search of Family Value: Constructing a Framework for Jurisprudential Discourse*. 75 Marq. L. Rev. 529. Retrieved 25 July 2024 from <http://scholarship.law.marquette.edu/mulr/vol75/iss3/3>
- Kallos, N. & Trasnea, O. (2019). Political Values: Their Status Function. *International Political Review*, 3(2). <http://doi.org/10.1177/019251218200300204>
- Koilybayeva, R., Zhunis, M., Kusmanova, K., Mirov, M., & Missyachenko, S. (2023). Patterns of Interaction in Family Discourse: A Resilience Theory Perspective. *International Journal of Society, Culture & Language*, 11(1), 76–90. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2022.1975742.2850>
- Lapin, N.I. (1996). Modernizatsia bazovyykh tsenostey rossiyan [Modernization of the basic values of Russians]. *Sotsiologicheskie issledovaniya*, 5, 3–23. (in Russ.).
- Orazaeva, F.K. (2012). *Äbubäkır Divaev – fölklorist*. Almaty: Bılım. (in Kaz.).
- Orazakynkyzy, F., Gerai, F., & Anipina, A.K. (2019). Qytai jäne qazaq tilderindegi maqal-mätelderdin qurylymdyq jäne magynalyq erekshelikleri [Structure and meaning of Chinese and Kazakh proverbs]. *Habarşy. Şyğystanu seriasy*, 1(88). (in Kaz.).
- Smailova, A.T. (2006). *Qazaqtyñ maqal-mätelderi* [Kazakh proverbs]. Almaty: «Köşpendiler» baspasy. (in Kaz.).
- Windarwati, H.D., Budiman, A.A., Nova, R., Ati, N.A.L., & Kusumawati, M. W. (2020). The Relationship between Family Harmony with Stress, Anxiety, and Depression in Adolescents. *Journal Ners*, 15(2), 185–193. doi:<http://dx.doi.org/10.20473/jn.v15i2.21495>

Р.К. Койлыбаева, И.Б. Байсыдык*Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан***АКСИОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПОСЛОВИЦ О СЕМЬЕ**

Аннотация. В статье дается определение понятия «паремиология», выявляется содержание понятий, сформированных в народном сознании, которые передаются из поколения в поколение через пословицы и поговорки. Проведен семантический анализ казахских пословиц и поговорок, подчеркивающих важность семьи. Определено, что основной контекст пословиц и поговорок о семье на казахском языке составляют: место родителей, взаимоотношения родителей и детей, воспитание в семье, воспитание девочек, воспитание мальчиков, взаимоотношения между родственниками, взаимоотношения братьев и сестер. Описано положительное и отрицательное влияние пословиц и поговорок, используемых в семейном общении, на коммуникантов. Сделан анализ пословиц и поговорок, описывающих семейные ценности. Определено понятие ценности и проанализированы основные ценности семьи, такие как место родителей, наличие детей, хорошие отношения между братьями и сестрами, мир с родственниками. Посредством контекстного анализа пословиц и поговорок казахского языка было выявлено аксиологическое значение пословиц о семье. В статье подобраны пословицы, описывающие духовные ценности в семье. Отмечено, что использование полученных пословиц и поговорок в повседневном общении важно не только для передачи ценности семьи, но и для формирования значимости семьи в сознании молодого поколения. В заключении подчеркивается важность рассказывания детям нравственных пословиц и поговорок во время семейного общения, помогая им различать добро и зло и формировать собственное мнение. С научной точки зрения обосновывается, что понятие семьи является аксиосферой, построенной на ценностных отношениях.

Ключевые слова: паремиология, семья, аксиология, семейные ценности, казахские пословицы.

R.K. Koilybayeva, I.B. Baissydyk*Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan***AXIOLOGICAL CHARACTERISTICS OF FAMILY PROVERBS**

Abstract. The article defines the concept of “paremiology” and explores the meanings embedded in popular consciousness that are passed down from generation to generation through proverbs and sayings. Semantic analysis of proverbs and sayings emphasizing the importance of the family was carried out. It has been determined that the main contextual themes of Kazakh-language proverbs and sayings about family include the role of parents, parent-child relationships, family upbringing, the upbringing of girls, the upbringing of boys, relationships among relatives, and relationships between siblings. The article also describes both the positive and negative influences of proverbs and sayings used in family communication on the interlocutors. An analysis of proverbs and sayings describing family values has been conducted. The concept of value is defined, and the key family values are examined, such as the role of parents, the presence of children, harmonious relationships between siblings, and peaceful relations with relatives.

Through contextual analysis of Kazakh-language proverbs and sayings, the axiological significance of proverbs about family has been identified. The article presents a selection of proverbs that describe spiritual values within the family. It is noted that the use of these proverbs and sayings in everyday communication is important not only for conveying the value of family but also for shaping its significance in the minds of the younger generation. In conclusion, the importance of sharing moral proverbs and sayings with children during family interactions is emphasized, as it helps them distinguish between good and evil and form their own judgments. From a scientific standpoint, the article argues that the concept of family constitutes an axiosphere – a value-based domain built on relationships rooted in shared values.

Key words: paremiology, family, axiology, family values, Kazakh proverbs.

Авторлық үлестер

Қойлыбаева Р.К. – тұжырымдама; формалды талдау; деректерге жетекшілік ету; қадағалау; тексеру.

Байсыдық И.Б. – хат: бастапқы жоба; жобаны әкімшілендіру; ресурстар; әдіснама; бағдарламалық қамтамасыз ету; жазу – шолу және редакциялау.